«Келісілді»
Маңғыстау облысының
білім басқармасы басшысы
_____ С. Төлебаева

«Бекітілді»
Облыстық балалар мен жасөспірімдер
туризмінің орталығы директорының м.а.
_____ А. Темірланова

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының
2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары

Ақтау қаласы, 2022 ж.

ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Орталықтың қызметі туралы

Орталық штаттық саны 23 адамды құрайды, нақты саны - 17 адам, жоғары педагогикалық білімі бар – 8, жоғары кәсіби білімі бар – 11, кәсіптік және педагогикалық білімі бар арнайы орта білім – 2.

Барлық қызметкерлер ішкі жергілікті желі мен кең жолақты Интернетке қосылған.

Орталық білім басқармасының келісімімен Республикалық қосымша білім беру оқу - әдістемелік орталығы, «Облыстық білім берудің оқу - әдістемелік орталығы», Облыстық «Дарын» қосымша білім беру оралығы, «Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті», «Ішкі істер департаменті», «Батысказжерқойнауы» өнірлік геология департаментінің инспекциясы, «Маңғыстау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті», «Маңғыстау облысының инвестициялар және туризмді дамыту басқармасы», «Маңғыстау облыстық өмір салтын қалыптастыру орталығы», «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», «Ә.Кекілбаев атындағы облыстық тарихи - өлкетану музейі», «Маңғыстау мемлекеттік тарихи - мәдени қорығы», «Маңғыстау эксперименталдық ботаникалық бағы», «Облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы», «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Табиғи орта» Батыс Қазақстан ҮЕҰ өңірлік ассоциациясы кеңесі», «Турист» ЖШС мекемелерімен бірлестікте түрлі бағытта семинар, байқау, конкурстар өткізіп, жұмыс жүргізіп отыр.

Орталықтың миссиясы: Білім беру ұйымдарындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі - балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мен патриоттық, экологиялық тәрбие берудегі таптырмас құрал. Туризм - табиғатқа, өлкенің тарихи - мәдени орындарына саяхат жасау, өңірдегі туризм орталықтарында демалу, сол аумақтағы табиғи және мәдени - тарихи нысандар туралы мағлұмат, түсініктер алу деген сөз. Оның бағыттары алуан түрлі: ізденушілік - өлкетану бағытында туған өлкеге жасалатын оқу тақырыптық экскурсиялар, спорт бағытында өткізілетін жарыстар мен слеттер, туристік жорықтар, экологиялық туризм. Туристік - өлкетану бағытындағы шаралар оқушылардың бойында өз туған өлкесіне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті, өткені мен қазіргі тарихын оқып - үйрену негізінде патриоттық, азаматтық тәрбиені қалыптастырады.

Орталық өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан - 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыкка қарсы іс - қимыл туралы» Заңын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңын, ҚР «Мемлекеттік - жекеменшік әріптестік туралы» Заңын, ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын, ҚР «Мемлекеттік

көрсетілетін қызметтер туралы» Заңын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:«Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын, 2017 жылғы 12 сәуір, «Туған жер» бағдарламасын іске асыруда негізгі тұжырымдамалық тәсілдерін, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, 2018 жылғы 21 қараша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басшысы Қ.К.Тоқаевтың 01.09.2020ж «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс – қимыл кезеңі» атты Жолдауын, Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне жалақыны есептеу қағидаларын, Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы бұйрықтарын және басқа да құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Орталық қызметінің мақсаты:

Туристік - экологиялық бағытта білім беру ұйымдарының танымдық және тәрбие жұмысын әдістемелік жағынан үйлестіру, қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және білім беру ұйымдары оқушыларының туристік - өлкетану, экологиялық - биологиялық бағыттағы шығармашылық танымдық әлеуетін күшейту.

Орталық бөлімдерінің қызметі

Туризм - өлкетану, экология - биология бөлімдері оқушыларға қазақстандық патриотизм мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу, еңбек және экологиялық тәрбие беру мақсатында шаралар ұйымдастырады;

Облыстағы білім беру ұйымдарындағы туризм - өлкетану, экологиялық үйірмелердің мониторингі жасақталады, орталықтың қызметіне талдамалық ақпарат дайындалады, директор алды отырысына құжаттар әзірленеді, баяндамаларға және ақпараттық - талдамалық материалдарға слайдтар, инфографика дайындалады.

Орталықтың 2022 жылға арналған бюджетін материалдық - техникалық базасын жақсартуды ескере отырып, қолданыстағы нормалар мен нормативтерге сәйкес, штаттық кестенің қолданысын, бюджеттік өтінімдер мен қаржыландыру жоспарларын уақытылы жасап тапсыру мақсатында жұмыс жүргізіледі, тоқсандық, жылдық бюджеттің атқарылуы, қызметкерлердің айлық жалақыларының уақытылы төленуі бойынша жұмыс үйлестіріледі.

Орталықтың 2021 жылы атқарған жұмыстарының ЕСЕБІ

Орталық іс - қимыл жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтары арасында қоршаған орта, туған жер, елдің тарихы, жәдігерлер туралы білімдік - танымдық туризм - өлкетану, экология шараларын үйлестіруге, өткізуге және ұйымдастыруға бағытталған төмендегідей жұмыстарды атқарды:

Облыстың 143 білім беру ұйымында туризм - өлкетану бағытында 62, экология - биология бағытында 78 мектепішілік үйірме, факультатив жұмыс жасайды (сәйкесінше 1364/1812 оқушы), барлығы 140 үйірмеге 3176 немесе барлық білім алушының 2 пайызы қамтылып отыр.

140 үйірменің 75 - і ауылдық мектептерде, 65 - і қалалық мектептерде ашылған, сәйкесінше **2019** бала ауыл, **1157** бала қалалық мектептерде қамтылуда.

Орталықтың ұйымдастыруымен, 2021 жылға арналған іс - қимыл жоспарына сәйкес, экология - биология, туризм - өлкетану бөлімдерінде білім алушыларға арналған 12 шараға - **1925** оқушы мен мұғалімдерге арналған 13 шараға - **620,** сонымен қатар, жоспардан тыс республикалық және қашықтықтан 10 байқау ұйымдастырылып, барлығы 35 шара өткізілді.

Оның ішінде мұғалімдермен онлайн форматында: 70 мұғалімді қамтыған **«Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда экотуризмді ұйымдастыру жолдары»,** мемлекеттік мекемелер қызметкерлері мен мектеп директорларының (25 қатысушы) арасында **«Өлке табиғаты бұрышын құру жолдары»** дөңгелек үстелі, Бейнеу және Мұнайлы аудандарының мектептері үшін (200 қатысушы) **«Мұнайлы, Бейнеу аудандарының мектептері базасында экологиялық білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі», «Өлкетану» оқулығын қолданудағы өзекті мәселелер»** (150 қатысушы), **«Ақтау қалалық білім бөлімінің экологиялық білім беру жұмыстарын ұйымдастыру жайын зерделеу»** (30 қатысушы) және жоспардан тыс өткізілген «**Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігн дамытатын инновациялық – технология»** (60 қатысушы) тақырыптарында семинар - кеңестер ұйымдастырылды. Бұл шараларға барлығы **535** адам қамтылды.

Мұғалімдер **«Үздік экосағат»** (14 қатысушы), **«Үздік жылыжай - 2021»** (10 қатысушы), **«Табиғатпен үндес мектеп»** (9 мектеп), **«Мектеп музейіндегі сабақтар»** (12 қатысушы), **«Туризм - салауатты өмір салты»** (18 қатысушы), «**Балалар демалысын ұйымдастырудың үздік бағдарламасы»** (22 қатысушы) облыстық байқауларына қатысты.

Білім басқармасының 2021 жылғы 1 ақпандағы «Ақтау қалалық білім бөлімінің экологиялық білім беруді ұйымдастыру жұмыстарын зерделеу туралы» №22нқ бұйрығына сәйкес 30 білім беру ұйымына жетекші топ зерделеу

жұмыстарын жүргізіп, әдістемелік көмек көрсетті. Осыған орай, Ақтау қаласы білім беру ұйымдарындағы жұмыстың орындалысын қарау 2022 жылдың жоспарына салынып отыр.

Ақтау қаласы М.Әуезов атындағы №20 және Ф.Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беретін мектептеріндегі вариативтік сағаттарды үйлестіру сынағының (апробация) қорытындысы шығарылып, білім басқармасының 08.09.2021ж. №82нқ бұйрығымен аудандық/қалалық білім бөлімдеріне осы бағытта үйлестіру жұмыстарын жүргізу туралы тапсырма берілді.

Орталық мамандарының ұйымдастыруымен республикалық **«Табиғатты аяла»** жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің форумы және **«Жас геолог»** облыстық жарысына қатысушыларына әдістемелік көмек көрсетілді.

Білім басқармасының бұйрығымен және тапсырмасымен **«Маңғыстаунама - 2021» байқауы, «Туған өлкемнің экологиясы»** байқауы, **«Қарақұйрық достары»** слеті, **«Табиғатты аяла»** форумы, **«Менің Отаным - Қазақстан»** слеті, **«Жас геолог»** жарысы, **«Жас өлкетанушылар»** байқаулары өткізілді.

«Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік экспедициялық жасақтар слетінің облыстық кезеңіне 57 білім алушы қатысып, 8 номинациядан 30 жеңімпаз анықталды. Қашықтықтан өткізілген республикалық слетте Жаңаөзен қаласы мен Түпкараған ауданының білім алушылары I орындарды және Маңғыстау ауданының екі қатысушысы III орындарды иеленді.

Орталықтың іс - қимыл жоспарына сәйкес, қашықтықтан **12:** оның ішінде **«Туған өлкемнің экологиясы»** (14 қатысушы), **«Алғысым шексіз - Жер Ана!»** (670 қатысушы), **«Табиғатты аяла»** форумы (50 қатысушы), **«Эколидер»** (162 қатысушы), **«Ғаламшарды бірге сақтаймыз»** (20 қатысушы), **«Менің жасыл мекенім»** (24 қатысушы), **«Менің Отаным - Қазақстан»** (57 қатысушы), **«Супер әке»** (21 қатысушы), **«Менің отбасым»** (22 қатысушы), байқаулары және акциялар өткізілді. **Ал Маңғыстау ауданында «Жас геолог»** жарысы (40 қатысушы), Түпкараған ауданында **«Жас өлкетанушылар»** байқауы 60 қатысушы), Мұнайлы ауданында **«Маңғыстау Тәуелсіздік жылдарында: «Маңғыстаунама - 2021»** танымдық байқаулары (60 қатысушы) дәстүрлі түрде ұйымдастырылды.

Орталық жоспарынан тыс, ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім басқармасы арқылы келген тапсырмасымен 725 білім алушыларды қамтыған **«Ыбырай шығармалары – тәрбиенің алтын діңгегі»** (57 қатысушы), **«Қазақ даласының жыр алыбы»** (357 қатысушы), **«Жақсылыққа жаралған жүрек»** (16 қатысушы), **«Гүлдене бер, Қазақстан!»** (38 қатысушы), **Республикалық сайт құру чемпионаты** (93 қатысушы), **«Экология балалар көзімен»** (25 қатысушы), **«Экология және жердің болашағы»** (28 қатысушы), **«Жер - біздің ортақ үйіміз!»**

(42 қатысушы), **«Құс сыңғыры»** (20 қатысушы), **«Қарақұйрық достары»** (49 қатысушы) республикалық байқаулары өткізілді. Қатысушы 725 білім алушының 92 жүлделі орындарға ие болды.

Республикалық оқу - әдістемелік және қосымша білім беру орталығының ұйымдастырған 2 апталық 80 сағаттық академиялық курстан 25 мектеп мұғалімдері мен орталық қызметкерлері өз білімдерін жетілдірді.

Орталық бюджеті 2020 жылы **43,985** теңге болса, 2021 жылы **12,898** теңгені құрайды. Барлық қаражат толықтай игерілді. Мекеменің кредитарлық қарызы жоқ. Орталық штаттық кестеге сәйкес қызметкерлермен толық қамтылған.

ҰСЫНЫМДАР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

- Орталықтың іс - қимыл жоспарына алынған 5 саяхат, экскурсия, жорықтар белгілі себептермен ұйымдастырылмады, бұл шаралар 2022 жылдың жоспарына қайта салынады;
- Облыстық инвестициялар және туризмді дамыту басқармасының білім алушылар арасынан мектептерге гид-экскурсовод дайындайтын кәсіби біліктілік арттыру курсы өткізілмеді, осыған орай, орталық өз мүмкіндігіне сәйкес семинар - тренинг ұйымдастыратын болады;

Білім беру ұйымдарында өткізілетін облыстық шараларға мекеме басшыларының ұйымдастыру жауапкершілігін арттыру сұралады;

- Қарақия ауданы, «Білім - инновация» лицейі, Жаңаөзен «Білім - инновация» лицейі, «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектеп - интернаты» оқушыларының облыстық шараларға қатысуы төмендігі аталып өтіледі;
- Аудандық/қалалық білім бөлімдерінің оқу - әдістемелік орталықтары облыстық шараның мектепішілік және аудандық кезеңдеріне мектептерді толық қамтымайды, байқау ережелерін, шараларды мектептерге таныстырмайды.

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының 2022 жылға арналған жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Негізі
I. Тақырыптық семинарлар, дөңгелек үстел, әдістемелік күндер, онлайн сағаттар				
1	Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығындағы әдістемелік күн	Ақпан	Туризм, Экология бөлімдері	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
2	Жалпы білім беру ұйымдарының туризм - өлкетану, экология бағытындағы үйірмелерге зерделеу жұмыстары	Ақпан	Туризм, Экология бөлімдері, АҚББ	
3	**«Экологиялық тәрбиедегі акциялар - дың маңызы»** дөңгелек үстел	Ақпан	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР БжҒМ Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 26.08.2020ж.№18-2/379 хаты
4	**«Мектеп туризмін дамытудағы ізденістер»** облыстық семинары	Наурыз	Ақпараттық-талдау бөлімі Маңғыстау ауданы, Өтес ЖББМ, АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
5	**«Туристік – өлкетану жұмыстарын жаңа заман талабына сай ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері»** облыстық тәжірибелік семинары	Мамыр	Туризм бөлімі	
6	**«Біз көкжиектерді ашамыз»** облыстық дебаты	Қазан	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР БжҒМ Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 26.08.2020ж.№18-2/379 хаты
7	**«Мектеп музейі үшін білім алушылардан гид - экскурсовод дайындау»** облыстық семинары	Қараша	Туризм бөлімі	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)

8	**«Белсенді туризмнің техникасы мен тактикасы»** аудандық/қалалық білім бөлімдеріндегі әдістемелік күндер	Жыл ішінде	Туризм бөлімі	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
9	**«Жасыл мектебім – жасыл мекенім», «Мектеп туризмі», «Мектеп музейі»** жобаларын іске асыруын ұйымдастыру	Жыл ішінде	Туризм бөлімі	Білім басқармасының іс-шара жоспары
II. Оқушыларымен, мұғалімдермен өткізілетін байқаулар мен сайыстар, форум, олимпиада, слеттар				
1	Халықаралық эко - білім күніне арналған мұғалімдердің облыстық **«Үздік экосағат»** байқауы	Наурыз	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР БжҒМ Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 26.08.2020ж.№18-2/379 хаты
2	Білім алушылардың облыстық **«Маңғыстау самалы»** бард әндерінің байқауы	Наурыз	Туризм бөлімі АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
3	Дүниежүзі құстар күніне арналған **«Құс қанатындағы арман»** облыстық қашықтық байқауы	Наурыз	Экология бөлімі, АҚББ	
4	Семей полигонының жабылуының 30 жылдығы аясында **«Жасыл әлем, жасыл қала»** облыстық флористикалық байқауы	Сәуір	Экология бөлімі, АҚББ	
5	Педагогтардың **«Еуропа - Азия»** республикалық, облыстық туристік фестивалі	Сәуір	МОББ, ОБмЖТО, ТжКББОӘК, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж. ҚР БжҒМ 13.01.2019ж. №18-4\14 хаты

6	«**Менің Отаным - Қазақстан»** туристік экспедициялық жасақтарының республикалық, облыстық слеті	Сәуір-қыркүйек	МОББ ОБмЖТО АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж. ҚР БжҒМ 13.01.2019ж. №18-4\14 хаты
7	**«Табиғатты аяла»** жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілердің республикалық, облыстық форумы	Сәуір-қыркүйек	МОББ Экология, Туризм бөлімдері, АҚББ	
8	Білім алушылардың **«Ұлы Жібек жолы - Маңғыстауда»** облыстық байқауы	Мамыр	Туризм бөлімі АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президентінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
9	Білім алушылардың **«Экоэрудит»** облыстық байқауы	Мамыр	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж. «Туған жер» арнайы жобасы
10	**«Маңғаз дала мақтанышы»** атты облыстық квест ойындары байқауы	Мамыр	Туризм бөлімі АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
11	**«Табиғатпен үндес мектеп»** облыстық конкурсы	Маусым	Экология бөлімі, АҚББ	Облыстық білім басқармасы мен табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бірлескен «Білім беру мекемелерінде туристік-өлкетану және экологиялық жұмыстарды дамытудың іс-шаралар жоспары»
12	**«Ағаштарға өмір сыйлаймыз»** өлкенің тарихи - мәдени нысандарында жүргізілген экологиялық акция байқауы	Маусым	Экология бөлімі, АҚББ	23.09.2010ж. ҚР «Жасыл ел» бағдарламасы

13	Білім алушылардың **«Эко өмірге бес қадам»** облыстық байқауы	Шілде	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж. ҚР БжҒМ 13.01.2021ж. №18-4\14 хаты
14	Батыс аймақтық балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту форумы	Тамыз	МОББ ОБмЖТО	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы
15	**«Әлем глобусы!»** облыстық экология-лық - зияткерлік байқауы	Қыркүйек	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж. ҚР БжҒМ 13.01.2021ж. №18-4\14хаты
16	Педагог отбасылардың **«Туризм - салауатты өмір салты»** облыстық жарысы	Қыркүйек	Туризм бөлімі, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы
17	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының **«Туристік күз - 2022»** облыстық туристік слеті	Қазан	Туризм бөлімі ТжКББОӘК	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
18	**«Жасыл ғимарат»** облыстық байқауы	Қазан	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж; ҚР БжҒМ 13.01.2021ж. №18-4\14 хаты
19	Облыстық **«Жасанды жартас - 2022»** туристік көпсайысы	Қазан	Туризм бөлімі АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
20	Ашық далалық **«Жас геолог»** облыстық жарысы	Қазан	Туризм, Экология бөлімдері, АҚББ	«БатысКазжерқойнауы» департаментінің іс-қимыл жоспары, келісім бойынша

21	Туризм - өлкетану, экология үйірмелері жетекшілерінің **«Tourhike»** облыстық жаяу жорық байқауы	Қараша	Туризм, экология бөлімдері АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
22	Халықаралық Каспий күніне арналған жас экологтардың **«Экоәлем»** облыстық олимпиадасы	Қараша	Экология бөлімі, АҚББ	ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017ж. «Туған жер» арнайы жобасы
23	**«Маңғыстаунама - 2022»** жас өлкетану-шылардың облыстық танымдық байқауы	Қараша	Туризм бөлімі АҚББ	ҚР - ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы
24	Туризм - өлкетану, экология үйірмелері жетекшілерінің арасында **«Үздік бағдарлама - 2022»** облыстық байқауы	Желтоқсан	Туризм, экология бөлімдері АҚББ	ҚР БжҒМ Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің 26.08.2020ж.№18-2/379 хаты
III. Экскурсиялар, жорықтар, экспедициялар, акциялар				
1	Білім алушылардың **«Түркі әлемінің астанасы - Түркістан»** экскурсиялық туры	Наурыз	Туризм бөлімі АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
2	**«Эко-марш»** облыстық акциясы	Мамыр	Экология бөлімі, АҚББ	
3	**«Қауіпсіз жаз»** акциясы	Мамыр-Тамыз	Туризм, Экология бөлімдері	Білім басқармасының іс-шара жоспары
4	Экологиялық **«Өмір сүр - Жер»** облыстық акциясы	Мамыр-маусым	Экология бөлімі, АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
5	**«Жұмбақ - Көкшетау»** өлкесіне саяхаты	Маусым	Экология бөлімі, АҚББ	23.09.2010ж. ҚР «Жасыл ел бағдарламасы

6	Білім алушылардың **«Бөкей ордасына»** саяхаты	Маусым	Туризм бөлімі АҚББ	Мәншүк Мәметованың 100 жылдық мерейтойы аясында
7	Маусымдық лагерлерде оқушылардың туристік - өлкетану қызметін ұйымдастыру	Маусым-тамыз	Туризм бөлімі АҚББ	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
8	**«Қостанай өңіріне саяхат»** мектеп оқушыларының А.Байтұрсыновтың туған жеріне экскурсиялық туры	Шілде	Туризм бөлімі АҚББ	Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 01.10.2020ж. №13942 хаты
9	Білім алушылардың **«Ақтау - Нұр - Сұлтан»** бағыты бойынша экскурсиясы	Қазан, қараша	Туризм бөлімі АҚББ	ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында
10	**«Маңғыстау - тарих бесігі»** колледж студенттерінің тарихи - өлкетану экспедициясы	Жыл ішінде	Туризм бөлімі	Білім басқармасының іс-шара жоспары
IV. Ақпараттық – насихаттау жұмыстары				
1	Балалар мен жасөспірімдер туризмі бойынша аткарылған шаралар туралы БАҚ-та материалдар жариялау	Жыл ішінде	Ақпараттық-талдау бөлімі	Орталық жарғысы 01.08.2017ж. №3251-14-94301-МК (3.16.1)
2	Облыстық білім беру қызметкерлерінің Тамыз кеңесінің секциялық отырысына жинақтар шығару	Тамыз	Барлық бөлімдер	
3	2019 - 2021 жылдар аралығындағы облыстық «Маңғыстаунама» байқауының жинағын шығару	Желтоқсан	Ақпараттық - талдау бөлімі	

МОББ – Маңғыстау облысының Білім басқармасы
ОБмЖТО – Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы
ТжКББОӘК - Техникалық және кәсіптік білім берудің оқу-әдістемелік кабинеті
БКҚД- БатысКазжерқойнауы департаменті,
АҚББ – Аудандық/калалық білім бөлімдері

КЕЛІСІЛДІ: _____ А. Тұржанова

ЕНГІЗІЛГЕН: _____ К. Газимова

ОРЫНДАҒАН: _____ А. Темірланова